


КОНСТИТУЦИЯ – БАРЛЫҚ ЖЕТІСТІГІМІЗДІҢ БАСТАУЫ



Аудан әкімі Маманбаев Ғалымжан Қанатұлының мерекелік құттықтауы

Құрметті қауым, қадірменді жерлестер! 30-тамызда егемен еліміз ең басты мерейлі мерекелерінің бірі - Қазақстан Республикасы Конституциясы күнін атап өтеді. Егемендігіміздің негізінде осынау Конституциямыз жатқандығы жасырын емес. Осыдан тура 29 жыл бұрын қазақ халқы Ата Заңын мақұлдап дауыс беріп, қуатты құқықтық, демократиялық және әлеуметтік мемлекет құруды қолдаған тарихи таңдауын жасаған болатын. Ал 2022 жылы азаматтардың сұранысына негізделген және бүкіл қоғамның мүддесі үшін Ата Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Конституциялық реформа азаматтардың елді басқару ісіне қатысу мүмкіндігін арттырды және саяси үдерістерді шын мәнінде демократияландырды. Сондықтан осынау күнді баршамыз қадір тұтамыз, қастерлейміз.

Конституцияның қабылдануы тәуелсіз Қазақстан үшін аса маңызды әрі жарқын оқиға. Азаттығымыздың 33 жылында қоғам мен мемлекетімізді жаңартуда ауыз толтырып айтарлық табыстарға жеттік. Қазіргі алмағайып замандағы тұрақтылығымыздың негізінде ұлттар татулығы жатқандығы сөзсіз. Ал осынау татулыққа, береке мен бірлікке осыдан 29 жыл бұрын қабылданған Ата заңның негізінде жеттік. Сол себепті Конституциямыз - кемел келешегіміздің кепілі.

Әрбір адамның Ата Заңды ардақтауы, құрметтеуі міндет. Мемлекетіміздің мерейлі мерекесі - Конституция күні құтты болсын!



САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №35 (9589) 30 тамыз 2024 ж.

АТА ЗАҢ - АЗАТТЫҒЫМЫЗДЫҢ НЕГІЗІ

Әлемдегі кез келген тәуелсіз мемлекеттің ғасырлар бойы өз құнын жоғалтпай, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан заңдар жинағы болады. Осындай Ата Заң біздің елімізде де, яғни Қазақстан Республикасында да ел тәуелсіздігін нығайту барысында 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. Конституция елдің негізгі заңы ретінде Қазақстан халқының ерік-жігерін, оның ең жоғары құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде елді бекітуге деген ұмтылысын көрсетеді.

Республика қызметінің негізгі қағидаттары: қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігі үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік өмірдің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, соның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу болып табылады.

Қазақстан Республикасының азаматтарына тегіне, нәсіліне, ұлтына, жынысына, тіліне, әлеуметтік, лауазымдық

және мүліктік жағдайына, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне қарамастан немесе кез-келген өзге мән-жайлар бойынша құқықтар мен бостандықтардың теңдігіне кепілдік беріледі.

Қазақстан жерінде тұратындардың барлығы еліміздің Негізгі Заңын құрметтеуге және сақтауға тиіс. Қазақстанның әрбір тұрғыны әділдікке, заңдылыққа, теңдікке және өзінің болашағына сенімді болуға тиіс. Қоғам мен мемлекет дамуының базалық қағидаттары, адамның, азаматтың және мемлекеттік билік субъектісінің кепілдіктері, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Конституциясында нақты бекітілген. Оларды сапалы әрі тиімді іске асыру мемлекет пен қоғамның маңызды міндеті болып табылады, өйткені ол даму мен тұрақтылыққа, Қазақстан халқының әлауқатын арттыруға ықпал етеді.

Біз бұл актімен іс жүзінде жаңа мемлекеттің негізі Қазақстан Республикасының әлем картасында қаланды деп мақтанышпен айта аламыз. Қазақстан Республикасының Конституциясы біздің бостандығымыздың негізі.



Өзінің ауқымы бойынша бұл тарихи оқиға-мемлекет пен қоғамның Негізгі заңы, және бүкіл халық үшін - жалпы ауқымы бойынша жалпыұлттық болып табылатын мемлекеттік мереке. «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңымен бұл күн мемлекеттік мерекеге жатқызылды. Осылайша, Конституция күні мемлекеттік

деңгейдегі мерекені білдіреді.

Еліміздің Конституция күні қарсаңында қымбатты жерлестерімізді құттықтаймыз және бейбітшілік, бірлік, бақыт, амандық және табыс тілейміз!

А.НУРПЕЙСОВА,

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Сарқан филиалының архивісі.

Қысқа-нұсқа

Атом электр станциясын салу бойынша қаулы қабылданды

Үкімет атом электр станциясын салу бойынша жалпыхалықтық референдум өткізу туралы президенттің жарлығы туралы қаулы қабылдады.

Үкімет отырысында энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев Қазақстанда атом энергетикасын дамыту перспективаларын айтып берді. Министрдің сөзінше, қазір әлем көміртегі бейтараптығына бет бұрып жатыр. Халықаралық қаржы институттары көмір электр станцияларын салуға инвестиция салудан бас тартады.

Еске салайық, бұған дейін Алматыда Қазақстандағы АЭС құрылысына қатысты қоғамдық талқылаулар өтті. Талқылау соңы қақтығыс пен дауға ұласты. АЭС салу керек деген топ Қазақстанда энергия тапшылығы барған сайын ушыға беретінін және бұған балама бола алатын тұрақты энергия көзі, жел мен Күн энергиясы өндіретін қуат тұрақсыз екенін айтты.

Шығын екі есе өскен, оған лайық нәтиже жоқ

"Соңғы бес жылда спортқа шығын екі есе өскен, оған лайық нәтиже жоқ". Президент Париж Олимпиадасының жүлдегерлерімен кездесу барысында осылай деді.

"Салалық министрлік, Ұлттық олимпиада комитеті, өңірлердегі спорт басқармалары мен федерациялардың жұмысында олқылық көп деп санаймын. Қазіргі жағдайға қарағанда, спорт функционерлері саланы дамытумен емес, миллиардтаған бюджет қаржысын игерумен әлек. Олар түпкі нәтижеге бас ауыртпайды. Спорт саласында жемқорлық фактілері жиі кездеседі. Мұндайға жол беруге болмайды!" – деді Тоқаев.

Президент әр өңір қандай спортты қолдайтыны туралы шешімді өз бетінше қабылдайтынын сынға алды.

Он жылға дейін пайызсыз несие берілмек

Елімізде студенттерге жоғары білім алу үшін он жылға дейін пайызсыз несие берілмек.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, қазір екінші деңгейлі банктермен жұмыс істеу механизмі қарастырылып жатыр.

Ол үшін негізгі үш талапты орындау керек: 1. Сараланған яғни, дифференциалды грант иегері болуы керек; 2. Тұрақты табыс көзі бар, кемінде еңбекке қабілетті азаматына кепілдік берген үміткерге беріледі. Бұл шарт жетім және ата-ана қамқорынсыз қалған балалар санатына жататын қарыз алушыларға қолданылмайды; 3. Екінші деңгейлі білім беру депозиті, яғни "Ақыл" депозиті болуы тиіс.

АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Бақалы ауылдық округі әкіміне кандидаттарды
тіркеу туралы

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5-бабына сәйкес келіп түскен Бекбосынов Дархан Касымханович, Жанабеков Айдар Ырғалбекович, Омарова Гульназым Адилгазиевнаның құжаттарын қарап, Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекбосынов Дархан Касымханович, 1976 жылы туылған, Қойлық ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің бас маманы Бақалы ауылдық округі әкіміне кандидат болып тіркелсін.

2. Жанабеков Айдар Ырғалбекович 1983 жылы туылған, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, зейнеткер. Бақалы ауылдық округі әкіміне кандидат болып тіркелсін.

3. Омарова Гульназым Адилгазиевна 1983 жылы туылған, Жетісу облысы, Сарқан аудандық білім басқармасы, Шатырбай орта мектебінің директоры, Бақалы ауылдық округі әкіміне кандидат болып тіркелсін.

4. Тіркелген әкімдікке кандидаттарға тиісті куәліктер берілсін.

5. Тіркелген әкімдікке кандидаттар сайлау бюллетеніне енгізілсін.

6. Кандидатты тіркеу туралы хабарлама Сарқан аудандық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық "Sarqan" газетінде жариялансын.

Төраға
Хатшы

М.Естеуов
Ш.Нурғалиева

БАҚАЛЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ АЙДАР ЖАНАБЕКОВТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Бақалы ауылының сайлаушылары!

Мен, Жанабеков Айдар Ырғалбекұлы, 1983 жылы 10 сәуірде Талдықорған облысы, Сарқан ауданы, Бақалы ауылында дүниеге келдім. Білімім - жоғары. 20 жылға жуық істеген еңбек өтілімдегі тәжірибемнің арқасында округте көтерілген мәселелерді шешу жолдарын білемін.

АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

• Округтегі ішкі көшелерді асфальттау;

• Бақалы және Қазыбаев ауылдарына көше жарық шамдарын орнату;

• Бақалы ауылынан Көкөзек ауылына қарай бағытта шығатын көпірді күрделі жөндеуден өткізу;

• Бақалы ауылына демалыс саябағын салу;

• Округтегі электр жүйелерінің тозуы, жағдайы сын көтермейді. Бақалы, Қазыбаев ауылдарындағы трансформаторларының электр тарату күшін көбейту немесе жаңасына ауыстыру;

АТАЛҒАН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША ЖОСПАРЫМ:

Ауыл ішіндегі жолдардың қанағаттанарлықсыз жағдайы (50% 10 км). Аталған мәселені шешу үшін бірқатар жұмыстар жасалу қажет. Округке қарасты Бұғыбай батыр, Аққұдық, Тоған, Дүкен, Ағарту секілді көшелердің сапасы сын көтермейді. Аталған мәселенің жобалары бар. Жобалық-сметалық құжаттары әзірленген. Көше жолдарын жөндеу жұмыстары жүргізілсе, тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі одан әрі жақсара түседі.

Көше шамдарын орнату

Ауыл ішіндегі қауіпсіздіктерді арттыру үшін көше шамдарын орнату маңызды. Осы мақсатта округтегі көшелерге шамдар орнату жарықтандыру жұмыстарын жүргіземін.

Бақалы ауылының батыс жағындағы көпірді күрделі жөндеуден өткізу.

Бақалы ауылына Көкөзек ауылына шығатын үлкен көпір апатты жағдайда. Аталған көпірге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет.



Бақалы ауылына демалыс саябағын салу.

Бақалы ауылының тұрғындарына арналған демалыс саябағын салуға тиісті жұмыстар атқарамын.

Округтегі электр жүйелерінің тозуы

Округтегі электр жүйелерінің тозуы, жағдайы сын көтермейді. Бақалы, Қазыбаев ауылдарындағы трансформаторларының электр тарату күшін көбейту мақсатында жаңарту жұмыстарын жүргіземін.

Қорытындылай келе, жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру нәтижесінде инженерлік-коммуникациялық және жол инфрақұрылымының өзекті мәселелері шешіліп, халықтың жағдайының сапасы артады. Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі жақсаратын болады.

Алдағы 4 жылда Бақалы ауылы дамушы ауыл шаруашылығы өңірі ретінде позициясын нығайту бойынша және халық табысының ұлғаюына жұмыла жұмыстар жасалатын болады.

Менің барлық жұмысым жерлестерімнің өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталатын болады және осы мәселелерді қамтамасыз етуге бар күш-жігерімді саламын.

101 ескертеді

Көліктегі өрт қауіпсіздігі

Өрт қауіпсіздігі ережесі бойынша әрбір автокөліктерде өрт сөндіру құралдарын көліктерін техникалық қараудан өткізетін кезде ғана есіне алады. Сондықтан да, көліктегі өрттің орын алуына көп жағдайда автокөлік иелерінің тікелей өздері кінәлі.

Электр жабдықтарының бұзылуы, жанар-жағармай жүйесінің ақауы, салонда шылым шегу, сайып келгенде көлік иесінің машинадағы өрт қауіпсіздігіне салғырт қарауы көліктегі өрттің басты себебіне айналып отыр. Машинадағы электр жабдықтары, жанар-жағармай мен синтетикалық материалдар жылдам тұтанатыны белгілі. Соның нәтижесінде көлік санаулы 3-4 минуттың ішінде от-жалынға айналып үлгереді. Сондықтан да, төмендегі өрт қауіпсіздік ережелеріне назар аударғаныңыз жөн. Бұл сіздің жеке көлігіңіздегі өрттің алдын алуға септігін тигізеді анық. Қыс кезінде көптеген жүргізушілер суықтан оталмай қалған көліктің қозғалтқышына ашық отты жағып (факел, ашық спиральды калорифер, паяльная лампа және т.б.) жылытатыны белгілі. Бұл мүлде дұрыс емес, аккумуляторды тікелей көлік құралдарында зарядтауға болмайды. Сондай-ақ, көлікке жарық түсіру мақсатында ашық отты пайдалануға тыйым салынады. Көліктің қозғалтқышына ғана емес, сонымен қатар электрлік жабдықтарына да назар аударып, техникалық қарауды жиі жүргізу қажет. Автокөлікке міндетті түрде өрт сөндіру құралын алып жүру керек. Автокөліктің жылдамдығын арттырып, өртті сөндіремін деп ойламаңыз. Көлікті өшіріп, қолданбалы тежегішке қойып, жолаушыларды дереу көліктен шығарып, өрт сөндіру қызметіне 101 нөмірі арқылы хабарлағаныңыз жөн. Егер өрт жанармай құятын бак жақта болса, онда жағдай өте қиынға әкеп соғады. Ондай жағдайда қасыңыздағы адамдармен бірге машинадан қауіпсіз жерге тығылғаныңыз дұрыс. Себебі өртеніп жатқан көлік кез-келген секундта жарылуы мүмкін.



РАХМАРОВ,

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы,
азаматтық қорғау аға лейтенанты.

• Табиғат

Ормандағы өрт қауіпсіздігі

Жаз мезгілі өрт қауіпінің үдей түсетін кезеңі. Яғни бұл кезеңде кез келген жағдайға дайын болуымыз қажет. Өрттің табиғатты шарпуына мына біз адамзат баласы себепкер болып жатамыз. Сондықтан орман алқабының өртке оранбауына біз жауаптымыз және қызмет тарапынан өрт қауіпсіздігіне қатысты жиындар, іс-шаралар өткізіп отырамыз.

1. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп халықпен, МОҚ жерлеріне іргелес әр түрлі ұйымдармен және мекемелермен орман өрттерінің таралуына жол бермеу үшін өрттің алдын алу, сондай-ақ табиғатқа жанашырлықпен қарау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

2. Шаруа қожалықтарының және өзге ауылшаруашылық ұйымдарының орман қорына іргелес ауылшаруашылық егістіктерінде шөптесін өсімдіктерді жағуға тыйым салуға бақылау жасалынады.

Құрметті тұрғындар және мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағына келушілер! Ормандағы өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар. Жанып жатқан сіріңке, темекі тұқылын тастамаңыздар, майланған және жанғыш заттар сіңген материалдарды қалдырмаңыздар, өз артыңызда қоқыс қалдырмаңыздар, орманнан кеткен кезде, от толық сөнгенше топырақпен көміп немесе үстінен су құйыңыздар.

Табиғат жасаған шынайы әлемін қорғай білейік.

А.АБДУЛДАЕВ,
«Жоңғар Алатауы» МҰТП
РММ Сарқан филиалы Басқан
орманшылығының мемлекеттік
инспекторы.

Өртке қарсы профилактикалық жұмыстар

"Жоңғар Алатауы" МҰТП РММ-нің қызметкерлерінің негізгі міндеттерінің бірі орманды өрттен сақтау.

Орманды өрттен сақтау шаралары Сарқан филиалының аумағында жылда өткізіліп тұрады.

Бірінші қар еріп кетісімен өрт қауіпін азайту мақсатында, жергілікті шаруа қожалықтары және өзге орман қорына жапсарлас ауыл шаруашылықтарына егістіктердің шөптесін өсімдіктердің өртеуге тыйым салынатындығы туралы ескерте жұмыстары жүргізіледі. Оларды өртке қарсы жабдықтау сондай-ақ ормандағы өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзбауы туралы нұсқаулықтар беріледі.

Өрт сөндіру жасақтары қалыптастырылады. Орман өрт сөндіру станциясының өртке қарсы техникасы, құрал жабдықтары толық дайындықтан өтеді. Филиалдар бойынша кезекшілік ұйымдастырылып, кезекшілік кестесіне жауапты тұлғалар тағайындалады.

Орман өрт қауіпсіздігінің алдын алу шараларының бірі радиобайланыс жүйелері. Орманда өрт қауіпі бар мауысымында бекітілген стационарлық, автотасымалды радиобайланыс жүйелері үнемі жұмыс істеп тұруы және филиалдың орталыққа радиобайланыс арқылы шығу уақыттары бақыланады.

Ормандағы өрт қауіпсіздігі қағидалары дер кезінде сапалы орындалуы қажет. Қоршаған ортаны және табиғатты қорғау әр адамның міндеті екенін естен шығармайық.

Құрметті ауыл тұрғындары, ұлттық парк аумағында келушілер сіздерден отты пайдалануға аса ұқыптылықпен, жауапкершілікпен қарауларыңызды сұраймыз!

А.КАЙЫРБЕКОВА,
«Жоңғар Алатауы» МҰТП РММ
Сарқан филиалының радиобайланыс диспетчері.

«E-Saqtandyru» АЖ қысқа мерзімде әзірленіп іске қосылды және Қордың негізгі қызметін цифрландыру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Жаңа ақпараттық жүйемен не өзгерді?

Қордың медициналық көмекке ақы төлеудің жаңа жүйесі медициналық ұйымдармен шарттық қатынастарын жүргізу процестерін оңтайландыру және медициналық көмекті үздіксіз қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында құрылған. Бұрын Қордың жеке төлем жүйесі болмаған, тек медициналық көмекті тұтынуды есепке алу жүйесі болған. Бұл медициналық көмекті қаржыландырудың кешігуіне әкелді.

«Saqtandyru» АЖ енгізу медициналық ұйымдарға шарттарды басқару процесін жеңілдетеді. Егер бұрын медициналық ұйымдар өртүрлі ақпараттық жүйелерде шарттар мен төлем құжаттарын (МӘМС және ТМҚКК бойынша

Қор өзінің медициналық көмекке ақы төлеу жүйесін іске қосты

бөлек) қалыптастырған болса, қазір «e-Saqtandyru» жаңа жүйесін енгізудің нәтижесінде, бұл процесс бір ақпараттық жүйеде бір шартқа дейін жеңілдетілді.

Іске асырудың алғышарттары

2024 жылғы 1 қаңтарда Қор төлем құралдарынсыз қалып, Қордың негізгі міндеттерін уақтылы орындау үшін үздіксіз жұмыс істемеу қаупі туындады. Сондықтан 2024 жылдың басынан бастап Қор штаттық ақпараттық технология мамандарының күшімен «Saqtandyru» ақпараттық жүйесінде төлем функционалын әзірлеуге кірісті.

Осы жылдың наурыз айында ақпараттық жүйелердегі пысықтауларға байланысты ҚР Денсаулық сақтау

министрлігі мен Қордың басшылығы аванс мөлшерін стандартты 30%-дан 70%-ға дейін, ал жаңа медициналық қызмет көрсетушілер үшін – 30%-ға дейін ұлғайту жөнінде бұрын-соңды болмаған шаралар қабылдады (бұрын жаңа ұйымдар үшін аванс төленбеген, аванс төлеу мүмкіндігін жасау үшін заңнамаға тиісті өзгерістер енгізілді).

Сондай-ақ, «e-Saqtandyru» ақпараттық жүйесінде өте қысқа мерзімде медициналық ұйымдармен шарттар жасасу бойынша функционалы пайдалануға берілді. «Saqtandyru» ақпараттық жүйесінің төлем модулі 2024 жылғы 17 мамырда іске қосылды және бүгінгі күні денсаулық сақтау субъектілеріне көрсетілген медициналық көмек үшін ағымдағы жылдың мамыр айы кезеңінде

төлем жүргізілуде.

Қазір медициналық көмек қалай төленеді?

Қор 2024 жылғы 20 тамыздағы жағдай бойынша жыл басынан бері медициналық ұйымдарға аванспен қоса есептегенде 1,4 трлн теңгеге жуық қаржы төледі. Қазіргі уақытта 2024 жылғы мамыр кезеңі үшін нақты көрсетілген медициналық қызметтерге төлемдер жүргізілуде.

20 тамыз жағдайы бойынша 1936 медициналық ұйымға қаңтар-маусым айларында көрсетілген қызметтер үшін 539,1 млрд теңге төленді.

Медициналық ұйымдарды қаржыландыру көлемі жыл басынан бері амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, 1 трлн 455 млрд теңгені құрағанын атап өткім келеді. Яғни, бұл жылдық қаржыландыру көлемінің жартысынан көбін құрап отыр. ТМҚКК қаражатының уақтылы түсіп отыруы жағдайында Қор нақты көрсетілген медициналық қызметтер үшін төлем мерзімін ұзартуды жоспарлап отыр.

Орман өртіне жол жоқ

Өрт-аса қатерлі жау. Бұған бейжай қарауға болмайды. Айтып келмейтін апаттардан сақтану да күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі. Қай кезде де тілсіз жауға тосқауыл қажет. Күннің күрт ысуына байланысты табиғи өрттердің орын алу қаупі арта түседі. Аптап ыстық пен қуаңшылық кезеңінде ормандардағы өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңызы өте зор.

Әсіресе, жаз мезгілінде дала ыстықтан күннен-күнге күйіп барады. Қуаңшылық орын алған жерде өрттің өршітіні айқын.

Сарқан ауданы сыңсыған орманды алқабы мол жер. Орманға қауіп көп екені белгілі. Биыл ересен ыстық болды. Кірпік қақпай атқарылған ыждағатты күзеттің көмегімен ауқымды өрт орын алған жоқ. Әйтсе де, сақтанғанның сау болатыны мәлім. Тілсіз жаудың қаупі өте зор. Көктем, жаз, күз мезгілдерінде өрт қаупі көбейе түседі. Осы уақыттарда орман қоры жерлеріндегі орманды алқаптарды өрттен қорғауға тура келеді.

Мамандардың айтуынша, табиғи өрт оның сипаттамалары бойынша қауіпті, өйткені ол бақылаусыз болады. Ол пайда болған кезде, тарату және сөндіру кезінде бірден бірнеше факторларды ескеру қажет: ауа температурасы, желдің жылдамдығы және оттың бағыты. Жел күтпеген жерден басқа бағытта соғуы мүмкін, содан кейін жалын бағытын өзгертеді.

Ормандардағы өрт көптеген массивтердің таулы жерлерде орналасуымен қиындайды. Оларға жету қиын, әсіресе егер айналадағы температура 1000 градустан жоғары болса. Өрттің артында адам және табиғат тағдыры тұр. Орман мен дала өрттеріне далада жатқан шыны, сынық әйнектердің қызуы, жол бойындағы автокөліктерден өшірілмей лақтырып кеткен темекі тұқылдары, шөп ору жұмыстарына қатыстырылатын тракторлар мен агрегаттардың жарамды өртөшіргішпен жабдықталмауы, аңшылықтың салдары, ауыл шаруашылығының жұмысшылары кепкен шөп, кесілген ағаш қалдықтары бар жерлерге от жағуы, егістік орнын өртеуі себеп болуы ықтимал.

Орман өртін сөндіру оңай шаруа емес.

Сондықтан, оған жол бермеудің

алғы шарттарын қатаң сақтау қажет. Қас-қағым сәтте қалың орманның өзін күлге айналдырып жіберетін өрттің адам өмірі үшін де, табиғат үшін де орман-тоғайларда тіршілік ететін аң-құстардың және олардың ұяларының жойылуына қауіпі басым.

Кез келген табиғи аумақ шегінде отпен өте абай болыңыз. Сіздің абайсызда орман өртіне жол бермеу үшін келесі ережелерді орындаңыз:

- Ешқашан құрғақ шөпті алқаптарға немесе орман алқаптарына өртемеңіз. Егер сіз басқалардың мұны істеп жатқанын көрсеңіз, оларды тоқтатып, шөптің қауіпті екенін түсіндіруге тырысыңыз.

- Құрғақ орманда от жақпаңыз. От жағар алдында орман қоқысын от жағудан және оның айналасында бір метр радиуста қоршаңыз, кетер алдында отқа жақсылық су құйыңыз. Осыдан кейін, күлді суытып, оның астында көмір жоқ екеніне көз жеткізіңіз, егер олар сақталса, онда қайтадан су құйыңыз.

- Сөндірілмеген сіріңке немесе темекі тастамаңыз;

- Орманға автомобильдермен, әсіресе мотоциклдермен кірмеңіз. Тұншықтырғыштан ұшқан ұшқын өрт тудыруы мүмкін.

- Егер сіз өрттің басталғанын байқасаңыз - мысалы, біреу тастап кеткен оттың жанында кішкентай шөп құлап немесе орман қоқысы болса, оны өзіңіз сөндіруге тырысыңыз. Кейде жалынды басу жеткілікті.

- Табиғатқа орманға демалуға, аң аулауға немесе балық аулауға шыққанда өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаңыз және өрт қауіпті маусымда темекі тұқылдарын орман төсеміне тастауға, құрғақ шөптерді жағуға, алау жағуға, орманда тез тұтанатын материалдарды қалдыруға және т. б. жол берілмейтінін есте сақтаңыз.

- Өрт кезінде 101 немесе 112 нөмірі бойынша дереу хабарлау қажет.

М.БЕКБОЛАТОВ,

«Жоңғар Алатауы» МҰТП

РММ Сарқан филиалы Басқан орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

Жарамсыз ыдыстарды зиянсыздандыру

Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңының 14-1 бабына 1-ші тармағына сәйкес (Тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтер (ұлы химикаттар) мен пестицидтердің (ұлы химикаттардың) ыдыстары зиянсыздандырылуға жатады). Сол себептен барлық шаруашылық құрылымдары қолданыстан қалған бос ыдыстарды залалсыздандырулары міндетті.

Осы баптың 2-ші тармағына сәйкес (Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) зиянсыздандыру үшін арнаулы сақтау орындары (көміңділері) көзделген.

Фирмалардан сатып алған шаруашылықтар келісім - шарт бойынша бос ыдыстарын Серіктестікке қайтарып өткізулері міндеттелген, сол себептен уақытын өткізіп алмауларыңызды сұраймын, өтіп кеткен жағдайда өз қаражаттарыңыздан залалсыздандырасыздар.

Аталған талаптар орындалмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік Құқық бұзушылық Кодексінің 403 бабына сәйкес жауапқа тартылады.

Барлық сұрақтар бойынша 2-10-68 телефонға хабарласуға болады.

Р. БОКУШБАЕВ,

Сарқан аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау және карантин жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Родиола розовая - редкое растение

Родиола розовая (золотой корень) (лат. Rhodiola rosea) – многолетнее травянистое растение; вид рода Родиола семейства Толстянковые (Crassulaceae). Название «золотой корень» растение получило по корневищу, которое имеет цвет бронзы или старой позолоты с перламутровым блеском, на срезе пахнет розой. Ценится как лекарственное растение, адаптоген, мало в чём уступающее женьшеню.

Многолетнее суккулентное двудомное травянистое растение с мощным горизонтальным корневищем и тонкими придаточными корнями. Обычно у родиолы несколько прямостоячих не ветвистых стеблей (до 10-15 штук), высотой около 10-40 см, реже встречаются растения с одним стеблем. Листья сидячие очерёдные, продолговато-яйцевидные, эллиптические или заострённые, цельнокрайные или пильчато-зубчатые в верхней части.

Соцветие щитковидное, многоцветковое, цветки жёлтые однополые, четырёх-, редко пятичленные. Плоды – прямостоячие зеленоватые многолистовки.

Время цветения – июнь-июль, созревание плодов происходит в июле-августе. Размножение вегетативно и семенами. Растение малотребовательно к теплу и свету, но требовательно к влаге и нуждается в обильном проточном увлажнении.

В медицине используется как надземная, так и подземная часть. Из надземных частей готовятся отвары и примочки, использующиеся при лечении трахомы. Кроме этого, корневища используют при лечении сердечно-сосудистых, желудочно-кишечных, кожных заболеваний, туберкулёза лёгких, переломов костей и многих других заболеваний, как жаропонижающее, общеукрепляющее. Наружно применяется в виде примочек или мази для лечения ран, при конъюнктивитах, кожных сыпях, нарывах. Сок корневищ используют при желтухе и как раноочищающее.

Вид занесен в Красную книгу РК. На территории Жонгар-Алатауского государственного национального природного парка растение произрастает в субальпийском и альпийском поясах на высоте 2000-3300 м над уровнем моря. Современное состояние растения стабильное. Основной ареал распространения растения находится в заповедной зоне.

Б.БЕРЧИМБЕТОВ,

государственный инспектор Аманбоктерского лесничества «Жонгар-Алатауского» ГНПП Сарканского филиала.



Ақпараттың Алдаспаны

Қазақ елінің білікті заңгері Барлыбек Сыртановтың «Қазақ елінің Уставы» атты еңбегі туралы

Қазақ елінің мемлекеттік тарихы 1465 жылдан, нақтылап айтқанда Қазақ хандығының құрылуынан басталады. Сондықтан да қазақтың мемлекеті, территориясы, шекарасы, ата заңы, мемлекеттік санасы әуелден бар. Оған куә - Тәуке ханның «Жеті жарғысы», Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы.

Бодандықтың бұғауын бұзып, азаттыққа ұмтылған Алаш қозғалысының алтын дәуірінде Әлихан Бөкейханның тапсыруымен заңгер Барлыбек Сыртанов 1912 жылы «Қазақ елінің уставы» деп аталатын еңбек жазған. Бұл - жаңа заманға сай жазылған тұңғыш қазақ заңы.

Ақсу ауданында туып-өскен, Петерборда оқыған, білімді заңгер Барлыбек Сыртанов ол кезде небәрі 25 жаста болған. Ол 1914 жылы құрт ауруынан көз жұмған. Бүгінгі таңда Ақсу ауданында Барлыбек Сыртановтың атында елді мекен, орта мектеп бар.

1992 жылы тарихшы Сәкен Өзбекұлының «Барлыбек Сыртанов» атты зерттеу еңбегі жарық көріп, алты Алаштың ардағы туралы толыққанды мағлұмат оқырмандарға ұсынылды.

Конституция күніне орай Барлыбек Сыртановтың «Қазақ елінің уставынан» үзінді беріп отырмыз:

«Қазақ елі көне ұлттардың бірі. Оның тарихының тамыры тереңге жайылған. Жеке ел болып өмір сүрді, елін, жерін қорғады. Ұрпақ жалғастырудан жеті миллионға жетті. Санымен Россияда үшінші орында. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдарында қалмақтардың күшті һәм көп әскеріне ауызбірлік жоқтығынан қарсы тұра алмады. Бірақ Үш жүздің ақылды ұлдары бір байрақтың астына жиналуға уәде беріп, бас қосып, қалмақтарды күл-талқан жасады. Әбілхайыр хан асығыстық жасаумен Кіші жүздің қазақтарын Россияға бағынышты етті. Орыс патшасы жасалған шартты бұзып, қазақ жеріне бекіністер орнатты, жаулап алуды күшейтті, қара шекпенділерді қапталты, қазақтың жерін, жеген нанын, ішкен суын тартып алды. Байғұс қазақтар өз жеріне ие болудан айрылды һәм айдалаға, құмға ығыстырылды.

Жаңа заманда атыссыз, соғыссыз, қан төкпей бейбіт жолмен жерімізде хукіметі өз қолында ел болу мақсатында, барлық елдермен достықта болу үшін жеке Қазақ елі республикасын құрамыз. Қазақ елі республикасында жоғарғы билік жүргізуді бүкіл қазақ және басқа нәсілдердің өкілдері дауыс беру арқылы іске асырады. Сайланатындар елдің ең сүйікті, білімді, ел үшін жан беретін адамдар.

Өз алдына ел болуды көздеумен дүниеде өзін-өзі билеген нәсілдер сияқты жеке ел болу мақсатында һәм елді бақытты, теңдік, бостандық өміріне жеткізу үшін осы уставты кіргізеді», - дейді бұл еңбектің кіріспесінде Барлыбек Сыртанов.

I. Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында

1. Қазақ елі халық билейтін һәм қазақи ерекшеліктері бар ел.

2. Қазақ елінің жеке туы бар. Ту жасыл, қызыл һәм сары көлденең жолақтардан жасалады. Басындағы бұрышта ай һәм жұлдыздың суреті бар. Жасыл түс-елдің исламға берілгендігінің белгісі, қызыл-ел қорғауда төгілген қан, сары-қазақтың кең даласы, еркіндіктің белгісі.

3. Бұдан былай Қазақ елі Россиямен достастық, яғни доминион дәрежесіндегі

9. Қазақ жерінде билік жүргізу закон шығаратын, орындайтын һәм сот болып тұрады. Үш билік бір-біріне бағынбайды, бассыздыққа жол бермеудің белгісі болып тұрады.

II. Адам баласының хұқы туралы

10. Қазақ елінде адам баласының бәрі тең хұқылы. Дініне, қанына, тегіне, нәсіліне қарап адамды қорлауға жол жоқ. Адам тек закон һәм құдай алдында жауап береді.

11. Қазақ елінде адам балалары

бұзумен қамаған сот алдында сазайын тартады.

16. Қазақ елінде адам баласының хат-хабарын ашуға рұқсат жоқ. Рұқсат беру - соттың мойнында.

17. Адам баласының мүліктің барлық түріне ие болуға хұқы бар. Мүлікке ие болу, пайдалану һәм билеуден адам баласына зиян болмауы шарт. Мүлік хұқынан ауыру законмен, құнын төлеу арқылы болады.

III. Қазақ жері турасында

18. Қазақ жері оның меншігінде болады.

19. Қазақ елінің жері саудаға түспейді, құдай оны адам баласына пайдалану үшін жаратты.

20. Жердің кені, орман, суы, көлі һәм тауарлары қазақ елінің иесінде. Мал жаю, егін өсіру, жерді өңдеу һәм жерді пайдалы іс мақсатында қазынаға қайтару хукімет рұқсатымен болады.

IV. Сот турасында

21. Сот билігі өз еркімен іске асады.

22. Соттың хукімі законға һәм сот ережелеріне жүгінеді.

23. Судьялар дау шешкенде хукіметке яки адам баласына бағынбай, закон һәм сот ережелеріне сүйеніп хукім шығарулары шарт. Судьяларға әсер жасағандарға соттың хукімі кесіледі.

24. Қазақ еліндегі бар судьялар Ұлт мәжілісінде өмір бойы сайланады. Законды бұзған һәм орындамаған судьялар орындарынан алынады.

25. Орнынан алуды адам баласының арызы негізінде һәм Қазақ елі сотының Председателінің хукімімен Ұлт мәжілісінде көп дауыспен растайды. Олай болмаса судья өз атына қайтарылады.

26. Судьялар қазақ тілін білуі шарт. Басқа нәсілдердің сотта өз тілдерінде сөйлеуге хұқы бар.

27. Присяжный соты ауыр қылмыстарды шешуге хұқылы. Присяжный саны 7 адам.

28. Сот орнында партиялар болмауы шарт. Судьялар партияға кіру хұқынан айырылады. Жасырын мүше болса, орнынан алады.

Редакциядан: Міне, осыдан 112 жыл бұрын Алаш орданың негізін салушылардың ой-пікірі топтастырылған қазақ елінің заңы жұртшылық ықыласына бөленген болатын. Өкінішке орай тоталитарлық жүйе ізгі ниетті алаштықтардың ой-арманын жүзеге асыруға кедергі болды.

1912 жылы жазылған тұңғыш қазақ Конституциясынан үзінді Сәкен Өзбекұлының «Барлыбек Сыртанов» атты еңбегінен алынып отыр.



қарым-қатынаста болып тұрады.

4. Қазақ елінде ең басшы орыны-Ұлт мәжілісі. Оған дауыспен өткендер Қазақ елінің басшысы Президентті төрт жылға сайлайды.

5. Бір Президент екі реттен асып ел билеуге хұқы жоқ;

6. Президент Қазақ елін министрлер арқылы басқарады. Министрлерді Президент өзі таңдайды, бірақ Ұлт мәжілісі дауыспен шешеді.

7. Министрлер өздері басқарған жұмыстарымен Президенттің һәм Ұлт мәжілісінің алдында есеп беріп тұрады.

8. Қазақ елі президентінің орынбасары - Вице-президент. Ол президент жоқ болғанда орнын басады, бар кезде оның айтқанымен жұмыс істейді.

бостандықта, теңдікте һәм бақытты өмір сүруге хұқы бар.

12. Қазақ елінде ер адам мен әйел теңді. Қазақи ерекшеліктер әйелдерді қорламайды, әйел келісімімен іске асады.

13. Қазақ елінде адам баласының еркін сөйлеуге, ұйым құруға һәм партияларға кіруіне тиым жоқ.

14. Нәсілдерді бір-біріне қарсы итеретін ұйымның, партияның, адам баласының істеріне тиым салынады. Кінәлілер законға жауапты.

15. Қазақ елінде соттың рұқсатынсыз адам баласы ұсталмайды, абақтыға қамалмайды. Ұсталғандарға сот 24 сағатта хукім беруі шарт, болмаса қамаудан босатылады. Законды

Өмірге құштар жүректі тұмшалап қоюға болмайды. Осыдан 70 жыл бұрын дүние есігін ашқан Сәрсембаев Азамат Сламжанұлы өз мұратына жетуді ерте бастан мақсат етіп қойған. Мектеп қабырғасынан кейін екі жыл тракторшының көмекшісі, тракторшы болып маңдай терін төге жүріп болашақ арманына іштей дайындалды.

1972 жылы қазақтың ауыл шаруашылық институтының студенті атанды. Бес жылдан соң КазПИ-ді аяқтаған Гүлсіммен бас қосып, Сарқан ауданына жолдамамен келді.

-Мен ауданға жолдамамен келгенде ауданның бірінші хатшысы И.В.Бабенко болатын. Төлеухан Устенов басқаратын Көкөзек совхозына агроном болып келіп, көп ұзамай бас агроном болып

бекідім де үлкен жауапкершілікті абыройлы атқару үшін еңбек еттім,-дейді Азамат Сламжанұлы.

1984-1987 жылдары аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бас агрономы, 1987-1993 жылдары Бақалы совхозының директоры, Тәуелсіздік алған жылдары аудандық ауыл шаруашылығы инспекциясының бастығы, аудан әкімінің бірінші орынбасары сынды баспалдақтардан өткен Азекен 1996-1998 жылдары Сарқан ауданының әкімі болды.

1997 жылы Бөрлітөбе ауданы таратылды да, шілде айында аудандық ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалдым. Аудан әкімі көп сөзге жоқ істің адамы екен. Міндетімді саралап бергеннен

70 деген жасыңыз...



кейін бөлім жұмысын қадағалауды орынбасарына тапсырып, бізді орынсыз мазаламады. Апта басындағы басқосуда ел-жер деп алаңдаған адал көңілін танитынбыз. Өтпелі кезеңнің қиыншылығынан шыға алмай жатқан туған жерінің тірегі болсам деп үлкен-кішіні ортақ іске жұмылдырғандағы қайратына сүйсінетінбіз. Көпшілік қамы қырықтан еркін аспай жатып қара шашын күміспен бояды. Көңіліне тоқ санайтыны - талап еткені ел мүддесі болатын, ешкімнің соңына шырақ алып түспеді, бірлікті бекем ұстады, тірлікті түзеуге қал-қадірінше үлес қосты.

Тектілік тұқым қуады. Саналы ғұмырында адал еңбекпен абыройға бөленген әкесі Сламжан Сәрсембаев осы өңірде мәңгілік қоныс тапты. Анасы

Гүлбисара тоқсаннан асқан жасында өзінен тараған 11 баланың ұрпақтарын көріп, бір әулеттің дұғағөйі болып отыр. Өнегелі отбасының тұңғышы болған Азекен бауырларының бақуаттығына, балаларының амандығына іштей шүкіршілік етеді. Азекен мен Гүлсім балалары Мөлдір мен Ержан, Ерлан мен Гүлмира, Шолпан мен Ерлан, Раушан мен Ердан, Әйгерім мен Нұржан, Салтанат мен Мұхаметәли Сарқанға балаларымен келгенде немерелерінің бал қылығын қызықтап, жапырақ жайған бәйтеректей нұрланатыны рас. Немерелері де еліне елеулі болған атасының есіміне сай азамат болуды алдарына мақсат етіп қойғаны анық.

Жомарт МАҚАТҰЛЫ.

Жуырда Сарқан қаласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепте сағынышты да тағылымды кездесу өтті. Осыдан қырық жылдан астам бұрын Сарқан мәдени-ағарту училищесінде драма үйірмесін басқарған кәсіби режиссер Қаржаубай Кернембайұлы Сыдықназар шәкірттерімен дидарласып, өткен кезеңнен сыр суыртпақтады.

37 жылдан соң

Режиссердің өнерлі шәкірттерінің бірі Берік пен Салтанаттың отбасында Қаржаубай ағамен дидарласудың сәті түсті. Өзін іздеп, ғаламтор арқылы тауып алып, саялы Сарқанға шақырған шәкірті Досан Атантеловтың ұйымдастыруымен айшықты ізі қалған өңірді екі күн бойы аралаған ағамыздың әсері мол екен.

-Мен театр институтының түлегімін, Сарқанға Жамбыл мәдени-ағарту училищесінен келдім. Мұнда мені Жамбылдағы оқу орнынан Сарқандағы училищенің іргетасын қалау үшін келген Бекен-Шәкен Жаркеновтар шақырды. Арнайы драма тобын ашып, балалар-

ды театр өнеріне баулуға мүмкіндік берді,-деп бастады әңгімесін Қаржаубай Сыдықназар. -Сарқан маған мол әсер қалдырды. Жылдармен бірге жаңғырып, жасарған екен. Мәдени-әлеуметтік нысандарын көрдім, ажарланған көшелерін көрдім.

Қаржаубай аға тек училищедегі сабағымен шектелмей, Сарқан балалар үйінде, Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-интернатта, Ленин атындағы орта мектепте үйірмелер ашып, өнерлі балалардың өрісін ашуға мүмкіндік табады. Атап айтқанда Сәкен Жүнісовтың "Жаралы гүлдер" пьесасы бойынша



Ұлы Жеңістің 40 жылдығына орай 1985 жылы спектакль жұртшылық назарына ұсынылды. Бұл қойылым сол кездегі мектеп-интернаттың оқушыларының, мұғалімдерінің, тәрбиешілерінің қатысуымен сахнаға шықты.

Балалар рөлін сомдағандар: Бақыт (сыбызғы)- Бекет Жылқыбаев (со кезде 9 класс оқушысы), Аплаш- Ғалымбек Мұсағожанов (7 класс), Балташ-Берік Тасыбеков (7 класс), Қасым (Пипин короткий) - Досан Атантелов (7 класс), Балшекер- Ардақ Ермекбаева (7 класс).

Үлкендердің рөлі: Бақыт (ересек кезі)- Болатхан Есіркегенов, Баттал-Мықтыбай ағай, Военком-Серкебай Стамбеков, Эмма Таурид(переселен неміс ұстаз)- Шәйнұр апай, Немістің офицері- Алма Карипбаева (со кездегі фамилиясы), Тауридтің тұтқындағы ұлы-Жайлау ағай.

-Қаржаубай Кернембайұлы осы ұжыммен сосын тағы екі қойылым қойды. Әдібай Табылдиевтің "Батыр бала Болатбек" деген пьесасын, Шахмет Құсайыновтың "Алғашқы

ұшқындар" атты Ғани Мұратбаевтың өмірі, қайраткерлігі туралы қойылымын сахналадық,-дейді Досан Қызайбайұлы. -Қаржаубай ағайдың осы еңбектері өз жемісін берді. Республикадан келген беделді комиссияның шешімімен "Халық театры" атағы берілді. 1985 жылы мамыр айында "Жаралы гүлдер" спектаклін Талдықорған драма театрында екі күн көрсеттік.

Қаржаубай аға халықтық атағын алған ұжымға екі штат берілгендігін, өзі Пионерлер үйінде қосымша қызмет атқарғандығын сағынышпен әңгімелейді.

Сарқандағы жемісті жылдары ағамыздың туған жеріндегі іргелі ізденістеріне ұласады. Жамбыл облыстық драма театрында, облыстық теледидар саласында өзіндік ізін қалдырған ағамыз 78-ге келген жасына қарамастан әлі де тың. Өткен кезеңнің өнегесін жеткізген өнерлі ұрпақтың көшбасшысына ризашылығымызды білдіреміз.

Жомарт ИГИМАН.



2024 жылы 15 тамызда Астана қаласында өткен жаңа замандағы білім беру "Digital Kazakhstan" тақырыбындағы тамыз конференциясында оқу-ағарту министрі Ғани Бектайұлы білім беру саласында жаңа технологияларды, жасанды интеллект, кешенді бағдарламалардың маңыздылығын атап өтіп, мұғалімдерге сабақ барысында осы технологияларды пайдалануды ұсынды.

Осы өзгерістер мен жаңашылдықтар Қазақстанның білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеруге және оқушылардың білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

2024-2025 оқу жылы Қазақстанның білім беру саласында көптеген жаңа өзгерістер мен жаңашылдықтармен ерекшеленеді. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптар үшін 33 оқу аптасын, ал 2-11 (12) сыныптар үшін 34 оқу аптасын құрайды. Оқу жылы 2024 жылғы 2 қыркүйекте басталып, 2025 жылғы 23 мамырда аяқталады.

Басты жаңалықтар мен өзгерістер:

«Цифрлық ұстаз» жобасы: 2024 жылдан бастап тұрмысы төмен отбасылардан шыққан оқушылармен жұмыс жасау бағытында «Цифрлық ұстаз» жобасы аясында белсенді іс-шаралар жүзеге асырылады. Бұл бастама оқушылардың білім алуына жаңа мүмкіндіктер ашады.

Педагогтерді аттестаттаудың жаңа форматы: 2024 жылдан бастап педагогтерді аттестаттаудың жаңа форматы енгізіледі. Бұл өзгеріс ұстаздардың кәсіби деңгейін арттыруға және олардың оқу процесіндегі рөлін нығайтуға бағытталған.

Кадр резервінің қалыптасуы: «Білім берудегі өзгерістердің



2024-2025 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

1000 көшбасшысы» кадр резервінің республикалық базасын қалыптастыру бойынша жұмыстар жалғаса береді. Бұл жоба жаңа заманауи білім беру көшбасшыларын анықтап, дамытуға көмектеседі.

Шағын жинақты мектептерді дамыту: Цифрлы технологияларды пайдалану арқылы ауыл мектептерінің әлеуетін арттыру мақсатында пилоттық жобалар кеңейтіледі. Бұл бастама ауылдық мектептердегі білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Ата-аналар қауымдастығымен жұмыс: Мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы күшейтіледі. Бұл оқушылардың тәрбиесі мен білім алуындағы отбасының рөлін нығайтуға

бағытталған.

Жасанды интеллектіні қолдану: Оқыту мен бағалауда жасанды интеллектіні қолдану аясы кеңейеді. Бұл технологиялар білім беру процесін тиімдірек, сапалырақ және заманауи талаптарға сай етеді.

Экологиялық білім беру: «Жер елшілері» креативті жастардың Бүкілқазақстандық экологиялық қозғалысы жобасы шеңберінде оқушыларға экологиялық білім беріледі. Бұл жоба оқушыларды табиғатқа деген жауапкершілікке тәрбиелеуге бағытталған.

М.РАЗБЕКОВ,
Астана қаласы Білім басқармасының әдіскері.

Қуанса бала қуансын!



Әр ата-ананың байлығы, өмірінің мәні мен сәні, көз қуанышы – бала. Сондықтан оларды шаттыққа бөлеу әрбір жанның міндеті. «Қуанса бала қуансын», «Берсең, балаға бер, айта жүрер» деген мақалдарды ата-бабамыз тегіннен тегін айтпаса керек. Құранда да жақсылық жасасаң, балаға жаса делінген. Өртүрлі жағдайлармен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға керегінше қамқорлық көрсету, олардың өміріндегі әрбір қуанышты сәттеріне ортақтасу-қамқорлықтың бір түрі. Осындай ұстанымды ту еткен Қарауылтөбе ауылының бетке ұстар азаматтары мен азаматшаларына Ахметқалиев Самет, Абдрашев Асан, Тайменкенова Сәулеге өз атымнан алғыс айтамын. Балаға жасалған бар жақсылық болашақ жолындағы ұлы іспен тең.

Г.ИМАШОВА,
Қарауылтөбе ауылының тұрғыны.

"Мектепке жол"

қайырымдылықтан басталады

Алғашқы қоңырау соғылып, балалардың мектепке барар сәті де алыс емес. Жыл сайын бағасы шарықтай түсетін оқу-құралдары мен мектеп формасын сатып алуды баршаның қалтасы бірдей көтере бермейтіндігі рас. Ал жаңа оқу жылына даярланып жатқан ата-аналар мен балалардың осынау қарбалас сәтінде азаматтық қоғам қандай көмек қолын соза алады? Жыл сайын дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы мектеп оқушыларының осы сәттегі қиыншылықтарын жеңуге бағытталған игі шара.

Акцияның мақсаты аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету. Халқымызға тән ұлттық ерекшеліктерді, мейірімділік, қайырымдылық, әділдік сынды ең асыл қасиеттерді насихаттау кеңінен өріс алады. Жаңа оқу жылының қарсаңындағы игі бастама еліміздің дарынды, білімді, алғыр, дені сау ұрпақ өсуіне ұйтық болмақ. Қарауылтөбе орта мектебінде көп балалы отбасынан шыққан 19 оқушы, аз қамтылған отбасынан шыққан 3 оқушы, жартылай жанұя отбасынан шыққан 1 оқушы, жартылай жетім отбасынан шыққан 2 оқушы тәрбиеленуде. Осы «Мектепке жол» акциясына көмек қолын созған жеке кәсіпкерлерге, ұстаздарға алғыс айтамыз.

Құрметті қауым акция барысында үкіметтік емес ұйымдарды, кәсіпкерлерді және мемлекеттік органдарды, ауыл халқын акцияға белсене қатысуға, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балаларына қолдау жасауға шақырамыз.

Құрметті қауым акция барысында үкіметтік емес ұйымдарды, кәсіпкерлерді және мемлекеттік органдарды, ауыл халқын акцияға белсене қатысуға, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балаларына қолдау жасауға шақырамыз.

А.АЙТЖАНОВА,
Қарауылтөбе орта мектебінің әлеуметтік педагогы.

Қайырымдылық жасау – қанымызда бар қасиет

«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің», – дейді қазақ. Иә, жоқ-жітікке қарасу, жылағанды жұбату, сүрінгенді сүйеу, мұқтаждардың талған өзегіне талғажау табу – халқымыздың бойында ежелден қалыптасқан қасиет. Адам бар жерде тұрмыстық түйткілдердің тұмауы мүмкін емес. Қазіргі таңда елімізде түрлі іс-шаралар мен акциялар, қайырымдылық қорлары арқылы қол ұшын созатын ізгі жандар көбейіп келеді. Қайырымдылық жасауға мемлекет тарапынан да көп көңіл бөлініп отыр.

Осыған орай, жаңа оқу жылының басында оқушылардың алаңсыз білім алуына жағдай жасау мақсатында «Мектепке жол» Республикалық акциясы жүріп жатқаны баршамызға белгілі. Айлық барысында мектебімізде оқушылардың толық тізімі жасалып, әлеуметтік тұрмысы төмен және көпбалалы отбасының саны анықталып, шара аясында көмек түрлері белгіленген болатын. Қазір әрбір адам жылы сөзге, мейірімге мұқтаж, өзгелердің көмегіне зәру. Сондықтан осы сәтті пайдаланып, бармен бөлісіп, қуанышты көңіл күй сыйлап жатсақ нұр үстіне нұр болар еді. Осының айғағы ретінде Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебіміздің құрметті ұстаздары және демешілеріміз де бейқам отырған жоқ. Осы шараға бір кісідей ат салысқан аудандық ТЖБ ұжымы, «Сарқан газеті» ЖШС директоры Жомарт Игіман, «Аманат» партиясы, ата-аналарымыз Қайырбек Абишев, Меруерт Нанбаева және мектебіміздің ұлағатты ұстаздары бірнеше балаға қуаныш сыйлап, осы акцияға өз үлесін қосып, мектеп әкімшілігі тарапынан алғысқа ие болды. Жақсылық жасайтын жандар әрқашан және әркез табылатыны қуантарлық жағдай.

Адам ақылды, кішіпейіл, әділ, батыл да қайырымды болуға тиіс. «Жаңбырменен жер көгерер, алғыспенен ел көгерер» демекші, дүниеде ел алғысына бөленуден артық сый жоқ! Қамқорлыққа зәру жандардың қамқоршысы болып, жылы сөз, жүрек жылуын ұсынып, ізгілік нұрын шашып, сый-сияпат көрсетіп жүрген жомарт жандар қатары көбейе берсе екен дейміз.

Жақсылық жасау — имандылықтың, тәрбиеліліктің, парасаттылықтың айқын көрінісі. «Не берсең де балаға бер, бала үшін жаса» — деген халқымыздың игі дәстүрі қазіргі кезде қайырымдылық жасап жүрген кең пейілді жандармен жалғасып келеді.

Қ. АХМЕТОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің әлеуметтік педагогы.

Конкурса шығарылатын, ауыл шаруашылық мақсаттағы жер учаскелерінің тізімі

Table with 10 columns: №, Жер учаскесінің орналасуы, Ауыл шаруашылық түрі, Жер учаскесі аумағы, Жер учаскесінің пайдалану мақсаты, Топырақтың типі және сипаттамасы, Жер бөлігі, Сұйық сумен қамтамасыз етілуі, Өңірлік ауыл шаруашылығына мамандандырылуы, Құрылыс түрі. Rows 1-21 list various land parcels with details on location, type, area, and intended use.

Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс жариялау туралы хабарлама

Жетісу облысы, Сарқан ауданы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурса қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланған соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде, 30 қыркүйектен 18 қазанға дейін қабылданады. Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тынышбаев көшесі № 8, Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурса қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2024 жылдың 18 қазан айының 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2024 жылдың 21 қазан айының 10 сағат 00 минутта мына-мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі №111, аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурса қатысуға өтінімде:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;
2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;
3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;
4) конкурстық ұсыныс;
5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурса қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

- 1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);
2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;
3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын өртарапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.
Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертке ұсынылады.
Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.
Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурса қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.
Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосымша жазулар болмауы тиіс.
Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және "жылғы ___" ___" ___" дейін ашау болмайды" (ашудың нақты күні көрсетілген) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72839) 2-16-72, 2-17-93 телефон арқылы хабарласуға болады.

Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі.

Перечень земельных участков сельскохозяйственного назначения, выставляемых на конкурс

Table with 10 columns: №, Место расположения земельного участка, Вид сельскохозяйственного назначения, Площадь земельного участка, Кадастровый номер участка, Категория земель, Вид разрешенного использования, Вид права. Rows 1-21 list agricultural land parcels with details on location, area, and intended use.

Извещение о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства

Сарканский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа № 518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министра сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Сарқан» и интернет-ресурсе Акимата Сарканского района объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течение 15 рабочих дней; с 30 сентября по 18 октября, по адресу: (область Жетісу, Сарканский район, г. Сарқан, улица Тынышбаева №8,) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Сарканского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: 18 октября 2024 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 21 октября 2024 года в 10 часов 00 минут (область Жетісу, Сарканский район, г. Сарқан, улица Тауелсіздік №111) в большом зале районного акимата.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

- для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;
для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;
местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;
конкурсное предложение;
обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать: бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: ___" ___" ___" года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72839) 2-17-93, 2-16-72 (районное управление земельных отношений).

Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Сарканского района.

Еңбек адамы



Бие байлап, саумал сауған

Қытай Халық Республикасынан көшіп келген қандастарымыз түрлі кәсіптерге бейім екендігі жасырын емес. Атамекенге оралған қаракөздеріміз қол қусырып қарап отырмай, үкіметке алақан жаймай өз беттерінше тіршілік етуде.

Солардың бірі 2019 жылы Қытайдың Іле облысы, Күнәс ауданының Нарат қалашығынан Қазақ жеріне табан тіреген Әбдікерім Дәніш ақсақалдың отбасы. Аталмыш отбасы Сарқан қаласы Аэродром ықшам ауданынан үй сатып алып, қосымша ауқымды қоражай салып, қазіргі таңда бие сауып, шипалы саумал, бал қымызды сатылымға шығарып отыр. 3 сауынды биеден күнделікті 20 литрге дейін бие сүті сауылатын көрінеді.

-Қымыз, оның ішінде саумал барлық дертке шипа, ағзаға күш береді. Қымыз қырық ауруға ем деп ата-бабамыз текке айтпаса керек. Бүгінде адамдар, әсіресе балалар құрамы белгісіз сан түрлі тәтті сусындарға үйір. Оның орнына сары алтындай үйірілген бал қымыздан ішсе, өзінің денсаулығына пайда, шөлі де қанар еді. Соңғы уақытта саумалға деген сұраныс артып келеді. Денсаулығына немқұрайлы қарамайтын жандар көбейді. Бие сауып отырған соң жақсы білемін. Шүкір, бүгінде 20 шақты тұрақты тұтынушымыз бар, күнде келіп, тұрақты түрде саумал ішіп кетеді, – дейді бие байлаған жанұяның

келіні Зәкәрия Райгүл.

Ұлттық сусынды ұлықтап отырған отбасы 50 литрлік сабаны пісетін арнайы құрылғыны да қолдан жасап алып, қол еңбегін біршама жеңілдеткен. Ал шаңырақтың берекесін кіргізіп отырған Зәкәрия Райгүл қосымша сиыр да сауып, құрт, май, кілегей сынды сүт өнімдерін тұрақты тұтынушыларына ұсынып отыр.

Шаруашылықтың, қарашаңырақтың иесі Дәніш Бақытжан шабындық, жайылымдық жердің жоқтығы атакәсіптің өрісін кеңейтуге қолбайлау болып отырғандығын айтады. -Жергілікті әкімшілік жер берсе, мал азығын молынан қамдап, сауынды бие санын да көбейтіп бұдан да көп тұтынушыларға ұлттық сусынды ұсынар едік,-дейді.

Қазір тұтынушы да талғампаз. Бір ауыз тигеннен-ақ қымыздың сапасы мен бапталуын бірден біледі. Осы орайда аталмыш отбасынан саумал мен қымыз ішушілердің қарасының үзілмеуі тұрақты келушілердің осынау жандардың ұлттық сусынының сапасына, кіршіксіз тазалығына, ақ жарқын пейіліне көңілдері толатындығын білдірсе керек. Осылайша қазақ халқының ұлттық сусындарының ішіндегі ең құрметтісі қымыз бір шаңырақтың береке-бірлігін кіргізіп отыр.

Партия ЖЕҢІСХАН.

Еел туған күн, мерекелмен!

Мына өмірде біз үшін орны бөлек, қадір-қасиеті ерек жан, асыл жар, асқар таудай әке, қамқор ата **Сәрсембаев Азамат Сламжанұлын** қыркүйек айының 4-і күнгі туған күнімен 70 жастық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Осынау мерей өсірер қуанышты сәтте ардақтымызға 70 жасқа толған мерейтойыңыз қайырлы, құтты болсын дей келе шынайы тілегімізді ақтарғымыз келеді. Анамызбен өнегелі өмір сүріп, бақыттың бағында ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына, немере, жиендеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалпыңызды сақтап келесіз. Еңбекте де жігерлі қажыр-қайратыңыздың арқасында талай абырой биігінен көрініп, ұрпағыңызға үлгі болар абзал жан ретінде өзіңізді таныта білдіңіз. Біз сізбен әрқашан мақтанамыз, марқаямыз.



"70 жас қарттық емес, қазына жас" деген сөз бар халқымызда. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйері болып отырсыз. Өсіп-өнген, ұрпақ тәрбиелеген, құда-құдағиларың мен дос-жарандарыңның ыстық ықыласына бөленген өзіңізге тек жақсылықтар, қуаныштар мен бақытты ғұмыр тілейміз.

Өміріңіз ұрпаққа өнеге мың,

Тілейміз қуанышқа бөленгенін.

Жүзге келіп, марқайып отырыңыз,

Қылығына қуанып шөберенің.

Ізгі ниетпен: жұбайы Гүлсім, балалары Мөлдір-Ержан, Ерлан-Гүлмира, Шолпан-Ерлан, Раушан-Ердан, Әйгерім-Нұржан, Салтанат-Мұхамәтәли және барша немерелері.

ХАБАРЛАНДЫРУ

► **Көлемі 18 сотық коммерциялық жер сатылады.** Құжаттары дайын. Сарқан қаласында орталықтан қашық емес, бизнес жүргізуге қолайлы жерде, Абай мен Пушкин көшелерінің қиылысында орналасқан. 12 қанатты үлкен қазақ үй және 8 қанатты кіші қазақ үй, 30 шаршы метрлі тапшандар, 40 шаршы метрлі беседка, әжетханасы бар.

Қасында үйі де бар. Екі жерге тартылған суы, көлік тұрағы, түгелдей қоршалған жер жазда кәсіп ашуға немесе дүкен салуға өте ыңғайлы. **Бағасы 22 млн теңге, келісім бар. Мына телефондарға хабарласыңыздар: 8702 1945120, 8777 3742851, 87018513026.**

► 06.06.2024 жылы қайтыс болған **Әнуәрбек Бақытгүлдің** атына Жетісу облысының жеке нотариусы А.А.Камзолдаева мұрагерлік іс ашылғандығы туралы хабарлайды. Мұра қалдырушының қайтыс болған күнінен бастап санағанда 6 ай мерзім ішінде мұрагерлер Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Жамбыл көшесі, №27 А мекен жайы бойынша орналасқан нотариусқа өтініштерін тапсырулары қажет.

ХАБАРЛАНДЫРУ

04.10.2024 ж., сағат 11.00-де: Жетісу облысы, Сарқан қ., Желтоқсан к-сі, 205 мекенжайы бойынша "қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бойынша "Ақ-бұлақ Өнім" ЖШС "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі үшін Сарқан қ. Жетісу облысы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Әсер ету учаскесі мен аумағының географиялық координаттары: 45023 6,13//СШ 79055,37,1//вд. Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/79703508958?pwd=ofJ1JJuKx1VSO4SYWDTGKRuvtuGSsN.1> Конференция идентификаторы: 797 0350 8958 Кіру коды: 1CbRtm.

Карантин немесе ТЖ жағдайында қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларының 31-тармағына сәйкес қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: "Ақ-бұлақ Өнім" ЖШС, Жетісу облысы, Сарқант қаласы, Қойбағарова №2., БСН 110940004493, тел. 87015003867, e-mail: Ak_bulak06@mail.ru

Әзірлеуші: "Экология" ЖК, тел. 87773433466. Талдықорған қаласы, Назарбаев көшесі 120/50, ЖСН 841124401600 e-mail:Afanasieva_olga@mail.ru.

Жоба материалдарымен сайттан танысуға болады: ecportal.kz.

"Жетісу облысының Табиғи ресурстар басқармасы" ММ, тел. 8 (7282) 32-92-67, e-mail: zhumadilova.kamshat@mail.ru, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26.

ЖАО сайтына сілтеме <https://ecportal.kz> және бастамашының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru>.

Ескертулер мен ұсыныстар сайтта қабылданады: ecportal.kz. "Жарияланған тыңдаулар" және e-mail айдарында: zhumadilova.kamshat@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

04.10.2024 г, в 11.00 часов, по адресу: область Жетісу, г.Сарқан, Койбагарова №2, в здании офиса ТОО «Ак-Булак продукт», будет проводиться общественные слушания по Разделу «Охраны окружающей среды» для Раздел «Охраны окружающей среды» ТОО «Ак-Булак продукт» Область Жетісу г. Сарқан.

Географические координаты участка и территории воздействия: 45023 6,13// сш 79055,37,1//вд. Ссылка на онлайн конференцию: <https://us04web.zoom.us/j/79703508958?pwd=ofJ1JJuKx1VSO4SYWDTGKRuvtuGSsN.1> Идентификатор конференции: 797 0350 8958. Код доступа: 1CbRtm.

В случае карантина или ЧС согласно п.31 Правил проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся в онлайн режиме.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Ак-Булак продукт», Область Жетісу г. Сарқан, Койбагарова №2., БИН 110940004493, тел. 87015003867, e-mail: Ak_bulak06@mail.ru

Разработчик: ИП «Экология», тел. 87773433466. г. Талдықорған, ул.Назарбаева 120/50, ИИН 841124401600 e-mail:Afanasieva_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ecportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов области Жетісу», Тел. 8 (7282) 32-92-67, e-mail: zhumadilova.kamshat@mail.ru, г.Талдықорған, ул. Кабанбай батыра, 26.

Ссылка на сайт МИО <https://ecportal.kz> и на сайте инициатора <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru>.

Замечания и предложения принимаются на сайте: ecportal.kz. в рубрике "Опубликованные слушания" и e-mail: zhumadilova.kamshat@mail.ru.



Ата заң - тәуелсіз ел тұғыры

Ағымдағы жылдың 27 тамыз күні «Сарқан ауданының тарихы музейі» қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Черкасск орта мектебінің жаздық лагерлік оқушыларымен, жетекшілеріне Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай «Ата заң – тәуелсіз ел тұғыры» атты дәріс өткізілді.

Дәріс жүргізу аясында мектеп оқушыларына музей қызметкерлері Конституцияның рөлі және оның маңыздылығына тоқталып, Ата заңымыздың тарихымен таныстырып өтті. Сондай – ақ мектеп оқушыларына Қазақстан Республикасы Конституциясы тақырыбында әзірленген әр түрлі танымдық сұрақтарға жауап беріліп, дәріс соңында музейдің 1991 жылғы «Тәуелсіздік жылдардағы өлке» залымен экскурсия жүргізіліп өтті.

Аида ЕСЕРКЕЕВА,
Сарқан ауданының тарихы музейінің экскурсия жетекшісі.